**Ұлытау облысы білім басқармасы**
**«Тамаша» бөбекжайы КМҚК-нің**
**2024-2029  жылдарға арналған**
# ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Жезқазған – 2024**

Бекітілді:
педагогикалық кеңесте
«      »
________2024ж (хаттама №      )

**Даму бағдарламасының мазмұны**


**Кіріспе**

**I Бөлім. Бағдарламаның төлқұжаты**

**II Бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау**
2.1. Бөбекжай  жұмысының қазіргі жағдайының қысқаша сипаттамасы
2.2. SWOT талдау.

**III Бөлім. Бағдарламаның миссиясы және пайымы**
3.1. Бөбекжай жұмысының басым бағыттары
3.2. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

**IҮ Бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер**
4.1. Нысаналы индикаторлардың көрсеткіштері мен күтілетін нәтижелері
4.2. Бөбекжайдың ақпараттық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу

**Ү Бөлім. Іс-шаралар жоспары**


**I Бағдарламаның төлқұжаты**

| | |
|---|---|
| **Бағдарламаның атауы** | Білім беру ұйымын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасының атауы |
| **Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме** | - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы ;<br><br>- Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;<br><br>- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы;<br><br>- «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығы;<br><br>- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж.<br><br>№ 68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);<br><br>- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);<br><br>-«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің |

| | |
|---|---|
| | 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);<br>- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін<br>педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы (өзгерістерімен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығы);<br>-«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. № 415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);<br>-ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл19 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»<br>-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы. |
| **Бағдарламаны әзірлеуші** | Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ шығармашылық тобы:<br>Кошакова Орынбасар Конкабаевна – директор;<br>Бейсенбаева Кымбат Князгалиевна – әдіскер;<br>Есмагамбетова Науат Кенжетаевна – инновациалық әдіскер;<br>Багыманова Эльмира Искандеровна тәрбиеші, педагог-модератор;<br>Кемелбекова Гульнар Болатовна- тәрбиеші, педагог-модератор; |
| **Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері** | **Мақсаты:** балаларға сапалы білім мен тәрбие беру, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін орта құру |

| | |
|---|---|
| | **Міндеттері:**<br>- педагогтерге қолдау көрсету, кәсіби өсулеріне жағдай жасау, ынталандыру жұмыстарын жүргізу;<br>- педагогтердің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру;<br>- балалардың сапалы білім алуына, дарынды балаларды сайыстарға қатысуына ықпал ету;<br>- балалардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық байқауларға қатыстыру, қосымша білім беруді жүйелі түрде жүргізу;<br>- үздік тәжірибелерді балабақша оқу үрдісіне енгізу;<br>- бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту;<br>- бөбекжай мен ата-ана арасындағы байланысты жетілдіру, ынтымақтастық атмосферасын орнату;<br>- педагогтердің ақпараттық, цифрлық сауаттылықтарын арттыру.<br>- педагогтердің авторлық әзірлемелерін жинақталып, әзірлеу;<br>- тәрбиелеудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету. |
| **Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері** | 2024-2029 жылдар<br>Дамыту бағдарламасы екі кезеңде іске асырылатын болады:<br>бірінші кезең: 2024 – 2026 жылдар;<br>екінші кезең: 2027 – 2029 жылдар |
| **Қаржыландыру кезеңдері** | Облыстық бюджеттен қаржыландыру білім беру жүйелерін дамытуға тиісті облыстық бюджеттерден жыл сайын бөлінетін қаражат шегінде жүзеге асырылатын болады және ҚР заңдарында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздеріқарастырылады. |

**II Бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау**

**2.1. ҚМҚК «Тамаша» бөбекжайы**ның **жұмысының қазіргі жағдайының қысқаша сипаттамасы**

**ҚМҚК «Тамаша» бөбекжайы** жалпы дамулық типтегі мемлекеттік мекеме ретінде 1982 жылы қазан айында берілді. Ашылған сәттен бастап балабақша Қ.И.Сатпаев атындағы Жезқазған Тау-кен комбинаты құрылымдық бөлімшесі «Балалар секторы» болып кірді. Бұл мекеме Қазахмыс Корпорациясы ЖМ «Дошкольник» құрылтайшысы болып 1 желтоқсан 2002 жылдан бастап қайта құрылды. Корпорация Казахмыс ЖМ «Дошкольник» мекемесінің таратылуына байланысты 09 желтоқсандағы 2014жылғы беру- қабылдау актісімен Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт білім бөліміне мүлікті береді , беру-қабылдау қосымшасына сәйкес және «29 мамыр 2015 жылы Жезқазған қаласының Әкімдігі №12/15 Қаулысымен мемлекеттік атауын өзгертуіне байланысты коммуналдық қазыналық кәсіпорын Жезқазған қаласының білім бөлімі «Тамаша» бөбекжайы болып аталды.

Шағын ауданның ішінде тұрғын үй құрлысы орналасқан, жеке тұрған екіқабатты ғимарат. Бөбекжай аумағы күрделі қоршаулармен қоршалған. Аумақтың жалпы аумағы 0.8320 га, аумағы асфальтталған, шаруашылық аймағы бар. Аумағы көгалдандырылған. Балаларға серуендеу үшін әр учаскіде беседкалар, шағын сәулетті нысандар, спорттық құрал-жабдықтар, гүлзарлар бар. Ғимараттың бірінші қабатында: директор кабинеті, әдістемелік кабинет, медициналық кабинет, изолятор, тамақ дайындау үшін ас бөлмесі, музыкалық зал, денешынықтыру залы, қазақтілі кабинеті, логопед және психолог кабинеті, 2 мен 3 жас аралығында 4 топ бар. Ғимараттың екінші қабатында: 7 топ - 4 пен 5 жас аралығында бар. Жоба бойынша бөбекжай 255 орынға есептелген.

Қазіргі уақытта бөбекжайда 2 мен 5 жас аралығындағы балалар келіп, 11 топ жұмыс істейді. Мектепке дейінгі мекеме жұмыс режимі 12-сағаттық (7.00.сағ.- 19.00 сағ.), төрт мезгілдік тамақ. Топтар ойын бөлмелерімен, жатын бөлмесімен, дәретханамен, қабылдау бөлмелерімен жабдықталған. Қажетті материалдық - техникалық базасы құрылған.

**Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаттары** – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемесі ретінде балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және оларды мектепке дайындау. Бұл мақсаттар мемлекеттік стандарттарға, ұлттық білім беру жүйесіне сәйкес келуі тиіс.

-Баланың физикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық және рухани дамуын қамтамасыз ету.
-Әр баланың жеке қабілеттерін ескеріп, оларды дамытуға қажетті жағдайлар жасау.
-Мектепке дейінгі жастағы балаларға сапалы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру.
-Оқу дағдылары мен интеллектуалдық қабілеттерін дамыту арқылы мектепке дайындықты қамтамасыз ету.
-Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына дағдыландыру.

- Балалардың қарым-қатынас жасау және қоғамда өзін-өзі ұстау дағдыларын дамыту.
-Балалардың шығармашылық қабілеттерін, өнерге, музыкаға, әдебиетке деген қызығушылығын дамыту.
- Әлеуметтік теңдік принциптеріне сүйеніп, барлық балаларға теңдей мүмкіндік беру.
- Ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру жағдайын қамтамасыз ету.
Мемлекеттік мекеме балабақшаларының осы мақсаттары балалардың жан-жақты дамуына бағытталған кешенді тәрбие және білім беру жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Бөбекжай Шағын ауданның ішінде тұрғын үй құрлысы орналасқан, жеке тұрған екіқабатты ғимарат материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтерге тоқталсақ, жоба бойынша бөбекжай 255 орынға есептелген. 2 қабатты типтік жобада салынған, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Пушкина 10А. Бөбекжай ғимараты 1982 жылы қазан іске қосылған. Материалдық- қаржылық активтері бар, мемлекеттік меншік. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жағдайлар жасалған, кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, сыртқы кіре беріс баспалдақтары пандустармен, баспалдақтар мен пандустармен жабдықталған, Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде 9 компьютерлермен, бірінші қабатында: директор кабинеті, әдістемелік кабинет, медициналық кабинет, изолятор, тамақ дайындау үшін ас бөлмесі, музыкалық зал, денешынықтыру залы, қазақтілі кабинеті, логопед және психолог кабинеті қамтамасыз етілген.

## 1. Кадрлардың сапалық және сандық құрамы

Бөбекжайдың алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы жоғары дәрежелі педагог мамандарсыз мүмкін емес, сондықтан да педагогтармен ұйымдастырылатын жұмыстар инновацияларды нәтижелі енгізудің негізгі шарттардың бірі болып саналады. Ұжымның біліктілігімен қатар жоғары шығармашылық потенциалы-инновацияларды нәтижелі енгізу мен қолданудың негізгі шарты. Мектептегі педагогикалық ұжыммен жұмыстың басты міндеті:
- кадрларды іріктеу, міндеттерін белгілеу;
- ұжым арасында әлеуметтік-психологиялық ахуал тудыру, талдау;
- педагогтердің іс-әрекетерін нәтижеге бағыттап, ұйымдастыру және дамуына ықпал ету;
- кәсіби деңгейінің өсуіне жағдай жасау;

**Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет**

Комиссия бөбекжайдың кадрлық әлеуетіне, кәсіби құзыреттілік деңгейіне, сондай-ақ педагог кадрлардың сандық

және сапалық құрамы бойынша құжаттарға талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау шеңберінде (2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 (07.08.2023 ж.жаңартылған) барлық педагогтардың тиісті педагогикалық білімі (жоғары (жоғары мектепке дейінгі) немесе техникалық және кәсіптік) бар екендігі анықталды.

| Оқу жылдары | Барлық педагог | Мектепке дейінгі жоғары біліммен | Арнаулы орта біліммен | Қайта даярлау курстан өткен педагог саны |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 25 | 5-20% | 16-64% | 4-16 % |
| 2023-2024 | 28 | 7-25% | 19-68% | 2-7 % |
| 2024-2025 | 27 | 5-18% | 18-67% | 4 -15 % |
| | | | | |

Әдістемелік жұмыс пен балақша әкімшілігінің маңызды бағыты - педагогтердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру, балабақша педагогтерінің біліктілігін арттыру және оларды аттестаттауға ынталандыру.

**2022-2023 жылы - қайта даярлау курстан өткен педагог -4**

Бердіханова Аяжан Алпамысқызы
- Бастауыш білім беру
- Тәрбиеші (мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)

Жәнібекова Жанар
- Бастауыш білім беру
- Тәрбиеші (мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)
- Тулепбергенқызы Жанар
- Тәрбиеші (мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)

- Чендекова Татьяна Борисовна
- Мектепке дейінгі тәрбие жіне оқыту мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)

**2024-2025 оқу жылы –қайта даярлау курстан өткен педагог- 4**

Сламбек Аружан Жалынқызы

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тақырыбында әдістемесі 512 сағат көлемінде

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)

Чендекова Татьяна Борисовна

- Мектепке дейінгі тәрбие жіне оқыту мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)

Смаилова Улжалғас Айтжанқызы 512 сағаттық «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)

- Тулепбергенқызы Жанар
- Тәрбиеші (мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)
- 512 сағаттық «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткені туралы сертификаты бар)

https://drive.google.com/drive/folders/1iWWiRi5lDNksSaavSfyVY-QNNhOyDC_7?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылы - https://drive.google.com/drive/folders/1KyxhmG42bIL9IKrNg4BiWt727rLKQB7B?usp=drive_link

2024-2025 оқу жылы –

https://drive.google.com/drive/folders/13Vvjdgs1jhhfMpNbeiSBokk22_S6iaVk?usp=drive_link

**Кемінде 5 жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер**

| оқу жылы | педагог саны | Басшы | Біліктілік санат | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | педагог-модератор | педагог-сарапшы | педагог-зерттеуші | Жоғары санат | I санат | II санат | педагог | санат сыз |
| негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтер | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 25 | 1-үшінші санатты басшы | 6 | 0 | 0 | 2 | 3 | 3 | 6 | 4 |
| 2023-2024 | 28 | | 9 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 | 11 | 5 |
| 2024-2025 | 27 | 1-екінші санатты басшы | 14 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 12 | 0 |

https://drive.google.com/drive/folders/1leenXJzEefuulfnGtRmK-gVUPf8c_TDd?usp=drive_link

**Қорытынды:** **«**Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының15-бабының 1 тармағы 3тармақшасына сәйкес 5 жылда бір реттен сиретпей өткізіледі

**Педагогтер мен басқару кадрларының біліктілік арттыру мәліметі**

**Біліктілік арттыру курстарын өткен педагогтер**

| **2022-2023 жыл** | **2023-2024жыл** | **2024-2025жыл** |
|---|---|---|
| **Педагогтер саны** | **Педагогтер саны** | **Педагогтер саны** |
| **11/ 44%** | **16 / 57 %** | **20/ 74%** |

"Тамаша" бөбекжайы" КМҚК-да педагогтары жоспарға сәйкес уақытылы аттестаттаудан өтеді.
Бағаланатын кезеңде басшылар мен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

https://drive.google.com/drive/folders/1leenXJzEefuulfnGtRmK-gVUPf8c_TDd?usp=drive_link

Бөбекжай әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективтік жоспары жүргізілуде.

Бөбекжай әкімшілігі қызметкерлердің жеке ерекшеліктері мен кәсіби дағдыларын ескеріп, олардың бастамасы мен шығырмашылық белсенділігіне жағдай жасайды.

2022-2024 жылдар аралығында "Өрлеу" Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығынан біліктілікті арттыру, "Назарбаев Зияткерлік мектептері"ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Ерте даму институтынан біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

https://drive.google.com/drive/folders/1leenXJzEefuulfnGtRmK-gVUPf8c_TDd?usp=drive_link

Қорытынды: 2025 жылдың қаңтар айынан бастап әдіскер - 1, тәрбиеші - 12 біліктілік арттыру курсында біліктіліктерін арттыру жоспарланды.

**Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі кәсіби сайыстардыңжеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған педагогтердің жетістіктері 2022 - 2024 жылдар**

| № | Оқу жылы | Педагогтердің жетістіктері 2022 - 2024 жылдар |
|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/1JYQ5TQ1u1RaTYclXl7QCo2c71OM5jwuT?usp=drive_link |
| 2 | 2023-2024 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/1_wtuHnf1DKVNsII1gCvgtsr5Q6dhRYa8?usp=drive_link |
| 3 | 2024-2025 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/1jm7gk7wnhpzuTbJR5D81Nd5xaMGD91pV?usp=drive_link |

Әдістемелік жұмыс пен балақша әкімшілігінің маңызды бағыты - педагогтердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру, мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру және оларды аттестаттауға ынталандыру.

**Педагогтер мен басқару кадрларының біліктілік арттыру мәліметі**

**Біліктілік арттыру курстарын өткен педагогтер**

| 2022-2023 жыл | 2023-2024жыл | 2024-2025жыл |
|---|---|---|
| **Педагогтер саны** | **Педагогтер саны** | **Педагогтер саны** |
| **11/ 44%** | **16 / 57 %** | **20/ 74%** |

"Тамаша" бөбекжайы" КМҚК-да педагогтары жоспарға сәйкес уақытылы аттестаттаудан өтеді.
Бағаланатын кезеңде басшылар мен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер https://drive.google.com/drive/folders/1leenXJzEefuulfnGtRmK-gVUPf8c_TDd?usp=drive_link

Бөбекжай әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективтік жоспары жүргізілуде.

Бөбекжай әкімшілігі қызметкерлердің жеке ерекшеліктері мен кәсіби дағдыларын ескеріп, олардың бастамасы мен шығырмашылық белсенділігіне жағдай жасайды.

2022-2024 жылдар аралығында "Өрлеу" Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығынан біліктілікті арттыру, "Назарбаев Зияткерлік мектептері"ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Ерте даму институтынан біліктілікті арттыру курстарынан өтті.
https://drive.google.com/drive/folders/1leenXJzEefuulfnGtRmK-gVUPf8c_TDd?usp=drive_link

Қорытынды: 2025 жылдың қаңтар айынан бастап әдіскер - 1, тәрбиеші - 12 біліктілік арттыру курсында біліктіліктерін арттыру жоспарланды.

**Мамандардың барлық тәрбиелеу-оқыту бағыттары бойынша жылдық жоспардың орындалуын талдау**

Мамандардың барлық тәрбиелеу-оқыту бағыттары бойынша жылдық жоспардың орындалуын талдау бойынша 2023-2024 оқу жылында көптеген жұмыстар жүргізіліп ,Балалардың жан –жақты даму үшін ойын және оқу құралдары заттық дамыту орталығында орналастырылған және шкафтарда сақталады. Пәндік-кеңістіктік дамыту ортасы балалардың жан – жақты дамуына : эксперименттік, шығармашылық, сөйлеу, театр, ойын құрастыру, жабдықтары бағдарламалар талаптарына сай. Әр түрлі ойындар үшін ойын бұрыштары ұйымдастырылды: рөлдік ойындар, құрылыстық ойындар, театрландырылған ойындар, дидактикалық ойындар. Топтарда табиғат бұрыштары бар. Эксперимент бұрышы, ізденіс

және танымдық белсенділікке арналған бұрыш және табиғи материалдармен, соның ішінде аудио жазбалар мен бейнематериалдар бар.

Заманауи техникалық құралдар балалармен жұмысыңызды сәтті және қызықты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

- топтарда: ойыншықтары, құрастыруға, сурет салуға арналған жиынтықтар, қол еңбегіне арналған құралдар мен трафареттер, театрландырылған ойынға арналған атрибуттар, қуыршақтар, әртүрлі машиналар, танымдық қызығушылықты арттыруға арналған табиғи материалдармен қамтылған,

үлкен және мектеп жасына дейінгі топтарда:

оқу үстелі ойындары, күрделі пазлдар, құрастыру жиынтықтары, алғашқы математикалық ұғымдарды және сауаттылық негіздерін меңгеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, бояу дәптері, сандар мен әріптермен басылған үстел ойындары, логикалық, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, жануарлар мен планетаның өсімдіктер әлемі, балаларға арналған журналдар, альбомдар, суреттер мен карталар. 2023-2024 жылдар аралығында бөбекжай педагогтері танымдық, коммуникациялық қабілеттерін дамыту барысында мақалалары облыстық «Мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің авторлық бағдарлама кітапшада жарияланды және 1 педагог Шымкент қаласындағы форумға қатысты . Бөбекжай педагогтары интернет-порталдарды белсенді пайдаланады. Интернет-журналдарда «Республикалық әдістемелік журналы,«Білім айнасы», газетінің қосмшасы мамыр2024ж №05 (328журналы) ҚазақстанРеспубликасы ұстаздарының ашық сабақ, сценарийлер, баяндама жинағы. Қазақ тілі маманы Әмент Сымбат Әментқызы жетістіктері.ҚазақстанРеспубликасының Мәдениет және Ақпарат минстрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде№14080-Г,30.12.2013жылы тіркелген.Білім Айнасы"республикалық ғылыми танымдық газеті. Негізгі тақырыптық бағыты:білім сапасына арналған танымдық газетіне мақала жарияланған,«Тағылым» баспаға тәжірибелері таратылды. Жариялау арқылы тәжірибе алмасуды жалғастыруда. Әдістемелік қызмет жұмысының нәтижелілігінің және кәсібиқұзыреттілікті арттырудың көрсеткіші педагогтердің әртүрлі деңгейдегі кәсіби шеберлер конкурстарына қатысуы болып табылады. Педагогтердің одан әрі кәсіби өсуі үшін қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі іс-шараларға педагогтердің қатысуын жандандыру жұмыстары жүргізілуде.Әдіскер Бейсенбаева Кымбат Князгаливаның «Тағылым» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналында «Адамгершілік-тәрбиелеу құралы» тақырыбында мақала жарияланды, Сурауханова Манат Коршихановна «Тағылым» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналында «Қоғамдағы педагог мәртебесі» тақырыбында мақала жарияланды. 2023-2024 оқу жылында Ұлттық құндылық-халық қазынасы.

Серіктес және қосалқы бөбекжай жоспары бойынша 17-сәуір күні «Мектепке дейінгі балаларды ерте дамыту: баланың бойына ұлттық құндылықты сіңіруге болады» атты семинар өтті.

Семинардың мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымда бала тәрбиесі дәстүрлерінің өзекті негіздері: тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани – материалдық және мәдени құндылықтары төңірегіндегі танымын, рухани-мәдениет саласындағы білімін кеңейте отырып, өз өмірі мен кәсіби іс- әрекетінде ұлттық бала тәрбиесі тәжірибесін қолдануға баулу. Ұлттық рухының кемелдене түсіп, туған халқына қызмет ету бағытындағы парызыдылық қасиетінің қалыптасуына бағдар берумен қатар тәрбиеленушілердің алған білімдерін практика жүзінде қорытындылап көрсету, тәжірибе алмасу. Семинарға арнайы «Гүлдер» қосалқы бөбекжайының директоры мен әдіскері, тәрбиешілері , ата-аналар шақыртылды. «Гүлдер»директоры Муратова Назгул Бердибаевна құттықтау сөзімен басталып, әдіскер Уксикбаева Бану Мукатаевна тәрбиешілері мен ою өрнектерді фетр матиралдарынан қиып ұлттық бұйымдарға жапсыру тәсілдерін шолу жасады. Әр топ тәрбиешілері бес дағды бойынша Дене шынықтыру нұсқаушысы Сеитова Б.К. физикалық қасиеттерді дамыту дағдысы бойынша тәрбиеленушілер «Тақия тастамақ» , «Қол күрес» ұлттық ойындарын жасап, «Ақбота»тобының тірбиешісі Игілік Г.К.«Шашу өру», заманауи технологиямен көптеген ойындарды ортаға салды. Ою өрнекті әйнек арқылы оюларды безендірді. Тугузбаева Н.М жетекшілігімен таным және зияткерлік дағдысы бойынша «Ғажайып асықтар» ойынында тәрбиеленушілер таным дағдысының міндеттерін ойын жаттығулары арқылы көрсете білді. «Бауырсақ» тобының ата-аналары «Қалдық материалдардан ( түрлі-түсті крышкалардан кілемше» шебер сыныбын тарту етті. Сураханова М.К жетекшілігі «Бауырсақ» тобы «Балапан» тобының балалары мың бұралған би «Айгөлек», «Дастархан» би шашуын тарту етті. «Қызғалдақ» тобының тәрбиеленушілер шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін бойынша «Ұлттық бұйымдардың» суретін салып, жапсырды. Қазақ тілі маманы Ғабит Д.Б. коммуникативті дағдысы бойынша «Тіл ұлттық өнеге» бағдарламасы аясындағы «Ана тілім айбыным» айдарына тоқталып, орыс тобының тәрбиеленушілер «Отан» , «Менің елім Қазақстаным»,«Табиғат тамаша» туралы тақпақтар айтып өтті. Семинар соңында жыл бойы бірге жоспар бойынша жұмыс жасағаны үшін қосалқы бөбекжай басшысы алғысын айтты.Семинар жоғары деңгейде өтіп, келген тәрбиеші-педагогтар «Гүлдер» бөбекжай ұжымы ата-аналар ризашылықтарын білдірді.Семинар соңында «Тамаша» бөбекжайының тәрбиешісі Тулепбергенқызы Жанар ән шашуымен «Балапан» тобының тәрбиеленушілер «Дастархан» биімен аяқтады. 2023-2026 оқу жылына жоспарланған «Экологиялық зертхана – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін арттыру, практикалық іс-әрекеті».бағдарламасы ұйымдастырылды.Осы бағдарлама арқылы «Экологиялық зертхана – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін арттыру, практикалық іс-әрекеті»жүргізілуде. 2023–2024жылы бөбекжайның әдіскер Бейсенбаева Кымбат Князгаливаның «Мектепке дейінгі ұйымдардағы .Инклюзивті білім беру:Заманауи жағдайы, проблемалары және болашағы» атты ұйымдастырылған ойын-әректінің бағдарламасы балабақша жасындағы балалардың Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру ісінің қазіргі таңдағы жағдайына шолу жасай отырып, оның басты проблемаларын айқындап, оны шешудің жолдарын қарастыру

мақсатына құрастырылған. Бағдарламаның танымдық мәні өте зор деп айта аламыз.Бағдарламаның нәтежесінде бағдарламаны жүзеге асыру барысында мекемедегі инклюзивті білім беруді қажет ететін балалардың толық тізбесі жасалған. Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалармен диагностикалық бағыттағы жұмыстар жүргізіліп, түзете-дамыту жоспары құрылған. Инклюзивті оқытудың бағдарламасы дайындалып, 34 сағатқа арналған ұйымдастырылған ойын әрекетің жоспары әзірленген.

Бөбекжайда педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту жұмыстары білім сапасын жақсартуға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтарының кәсіби өсуіне көп көңіл бөлінеді. Колледждер мен жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлаудың сабақтастығы, сондай-ақ студенттерді оқыту процесінде балабақшалармен тығыз өзара байланыс жағдайында мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің сапалы деңгейін арттыру мақсатында «Тамаша» бөбекжайында студенттер кезекті тәжірибеден өтіп тұрады.

МДҰ педагогикалық ұжымының 2023-2024 жылдардағы жетістіктер.«Тамаша» бөбекжайының тәрбиенушілерінің сайыстарға қатысқаны үшін түрлі деңгейдегі алғыс хаттармен марапатталды. 2023–2024жылы бөбекжайның әдіскер Бейсенбаева Кымбат Князгаливаның «Дарын Республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хатымен марапатталды.,тәрбиешісі УмароваАлмагуль Мерекеева «Ағартушы алаңы»халықаралық ғылыми-практикалық журналында жарық көрген «Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы» атты баспаға тәжірибелері таратылды Мектепке дейінгі ұйымдардың арасында облыстық «Шебер әке, өнерлі ана,еібекқор бала»» сайысына тәрбиеленушілерді дайындаған үшін УмароваАлмагуль Мерекеева 1-орын дәрежелі диплом мен марапатталды.Тәрбиешісі УмароваАлмагуль Мерекеева «Тағылым» журналында «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» атты баспаға тәжірибелері таратылды. Қалалық мектепке дейінгі ұйымдардың арасында «Менің Елім- менің бақытты балалық шағым» сайысына тәрбиеленушілерді дайындаған үшін Сурауханова Манат Коршихановна «Хореграфиялық бейім» номинциясымен марапатталды. Тәрбиеші Тугузбаева Назира Мурзамбековнаның мақаласы «Халықаралық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналында «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңартылған білім мазмұнын іске асыру тиімділігі» тақырыбында мақала Заманауи білімге жаңаша көзқарас-тәжәрибе мен даму болашағы журналында жарық көрген»

Балабақшада жұмыс істейтін балалар психологының негізгі мақсаты-балалардың психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету, оның негізінде баланың барлық кезеңдерінде баланың толыққанды психикалық дамуы жатыр. Қойылған мақсатқа сәйкес балалар психологы келесі міндеттерді орындайды:

1) балалармен жұмыста әр жастың даму мүмкіндіктерін іске асырады,
2) баланың жеке ерекшеліктерін дамытады, яғни педагог-психологтың назарын баланың қызығушылықтары, қабілеттері,

бейімділігі, сезімдері, хоббиі, қарым-қатынасы, эмоционалдық жағдайы және т. б. тартады.
Педагог-психологтан балабақшада баланың дамуы үшін қолайлы климат құру қажет, сонымен қатар балаларға да, олардың ата-аналарына да, тәрбиешілеріне де уақтылы психологиялық көмек көрсету қажет.

Соңғы 3 жылдағы кәсіби байқауларға қатысқан педагогтер көрсеткіші: Ұлттық өнерді (балалар музыкалық аспаптары, билер, әндер, өлеңдер) меңгерген мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Өнеріміз саған - Қазақстан!» республикалық фестивальдің қалалық кезеңінің орын алған тәрбиеленушілер : Жеңіс Дияр Нұрболатұлы 5-жас «Ақбота» тобы **Бас жүлде,** Семенбай Мейірім 4-жас «Қызғалдақ» тобы, Мұрат Адина 5-жас «Балапан» тобы , Берлібек Сезім 5-жас «Балапан» тобы

***Педагогтердің біліктілігін көтеру жүйесі төмендегі деңгейлер бойынша жүргізілді:***
1-деңгей - Жас мамандар мектебі;
2-деңгей - мұғалімдердің өзіндік білім жетілдірулері және біліктілік санаттары көтерулері (МДҰ, шығармашылық топтар)
3-деңгей - «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы, ПШО (ғылыми-практикалық семинар, педагогикалық-психологиялық семинар-тренингтер, педагогикалық оқулар)

**Оқу-әдістемелік жұмыс**

**Мақсаты:** балаларға сапалы білім мен тәрбие беру, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін орта құру
**Міндеттері:**
- педагогтерге қолдау көрсету, кәсіби өсулеріне жағдай жасау, ынталандыру жұмыстарын жүргізу;
- педагогтердің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру;
- балалардың сапалы білім алуына, дарынды балаларды сайыстарға қатысуына ықпал ету;
- балалардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық байқауларға қатыстыру, қосымша білім беруді жүйелі түрде жүргізу;
- үздік тәжірибелерді балабақша оқу үрдісіне енгізу;
- бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту;
- бөбекжай мен ата-ана арасындағы байланысты жетілдіру, ынтымақтастық атмосферасын орнату;
- педагогтердің ақпараттық, цифрлық сауаттылықтарын арттыру.
- педагогтердің авторлық әзірлемелерін жинақталып, әзірлеу;
- тәрбиелеудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.

**Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленген.

Жыл сайын жұмыс оқу жоспары Ұлытау облысы білім басқармасының "Жезқазған қаласы білім бөлімі" ММ-мен келісіп бекітіледі. Оқу жұмыс жоспарына түсіндірме жазба жасалынған.

Негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу жұмыс жоспарлары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленді. Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламағасәйкес жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен, тәрбиешілермен *(қазақ тілімұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен)* бірлесіп,жасалған. Перспективалық жоспарда оқу жылына арналған міндеттер бөлінеді,олар балалардың бағдарламаны игеруіне байланысты қайталануы, толықтырылуы, түзетілуі және өзгертірген.

Циклограмма әр аптаға құрылаған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етелген.

2022-2023 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарының инвариантты бөлігі ҚР МЖМБС енгізген мынадай білім беру салаларымен ұсынылған: "Денсаулық", "Таным", "Қатынас", "Шығармашылық", "Әлеумет" және оларды әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асырылады. Сонымен қатар бөбекжайда вариативтік компонент жоспарға сай жүргізілген.

2023-2025 жылдарға арналған оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына сәйкес әзірленді (өзгерістер мен толықтыруларлармен). ОЖЖ (РУП) Ұлытау облысы білім басқармасының "Жезқазған қаласының білім бөлімі" ММ-мен келісілді.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары даму бағдарламасына сәйкес құрылған. Педагогтер қойған білім беру салалары бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттері МЖМБС сәйкес балалардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Балаларға құрылған ұйымдастырылған іс-әрекеті келесі дағдыларды дамытуға көңіл бөлінеді. Коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды, физикалық қасиеттер дамыту дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды кіші жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру: тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындау; 2024 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының бұйрығына 2-қосымша № 194 от30.07.24ж Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық құндылық пен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани - адамгершілік дағдыларды қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру.

https://www.facebook.com/share/v/q9BGAY8yseWvtFiL/

https://www.facebook.com/share/v/5csgkaCzynbVofRF/

https://www.facebook.com/share/v/yCLyi4LLUdS7qJwF/

https://www.instagram.com/reel/DBTgp_nsidQ/?igsh=bDAzcm54cm03Ym5k

**Бағаланатын кезеңге тәрбиеленушілердің жеке даму мониторингін қамтамасыз ететін мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері**

2022 – 2023 оқу жылы

| Бастапқы мониторинг | Аралық мониторинг | Қорытынды мониторинг |
|---|---|---|
| 61% | 81 | 92% |

https://drive.google.com/drive/folders/1jov01y4dXDJbhgRsZLkBu4iEtsoC3gQ-?usp=drive_link

2023 – 2024 оқу жылы оқу

| Бастапқы мониторинг | Аралық мониторинг | Қорытынды мониторинг |
|---|---|---|
| 55 % | 76 % | 95 % |

https://drive.google.com/drive/folders/1PcrEOZbFHTH3t51Jgcfmm_Edr2xnuNGh?usp=drive_link

2024– 2025 оқу жылы

| Бастапқы мониторинг | Аралық мониторинг | Қорытынды мониторинг |
|---|---|---|
| 73% | 80% | |

https://drive.google.com/drive/folders/1RZG-_Tih1gxfYKOkxf1Bh7LtzyHxPdDY?usp=drive_link

**Бағаланатын кезеңге тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелері**

**2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларын мониторингтеу диагностиканың нәтижелері**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты талаптарын:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;

- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;

-мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін ;

-диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойынжағдаяттарын құру, ойын,әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;

-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі.Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалықдамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін;

1) Дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру)

2) Жүзу (жүзу бассейіні болғанкезде);
3) Сөйлеуді дамыту;
4) Көркем әдебиет;
5) Сауат ашу негіздері;
6) Қазақ тілі(оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
7) Сенсорика;
8) Математика негіздері;
9) Құрастыру;
10) Қоршаған ортамен таныстыру;
11) Сурет салу;
12) Мүсіндеу;
13) Жапсыру;
14) Музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұнынан күтілетін нәтижелер болып табылады.

-балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде бақылау,

-әңгімелесу;

-балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.

Әрбір жас тобында балалардың жеттістіктерін қадағалауға мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру сапаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін қаңтар айында аралық мониторинг жүргізіледі.

Мектепке дейінгі ұйымның 11топ қамтылған болса, Кіші топ тәрбиеленушілері маусым айында қабылданып, №164 31.07.2023 жылдың бұйрығына сәйкес жедел жөндеу жұмыстарының салдарынан қазан айының 5 де бөбекжайға келгендіктен бастапқы мониторинг өткізілмеді, атап айтсақ «Қонжық», «Қошақан», «Қуыршақ» және «Қызыл телпек» топтары. Аралық және қорытынды бақылау бойынша барлық 11 топ тәрбиеленушілерінікі жүргізілді.

Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері (күтілетін нәтижелері) және соған сәйкес 3 индикатор берілген.

**Нәтижесінде бастапқы мониторинг нәтижесінде**

**Физикалық даму бойынша:**

| № | бастапқы | аралық | қорытынды |
|---|---|---|---|
| 1 | Жоғарғы деңгейде - 49 тәрбиеленуші 30% | Жоғарғы деңгейде - 104 тәрбиеленуші 43% | Жоғарғы деңгейде - 173 тәрбиеленуші 74% |
| 2 | Орташа деңгейде - 44 тәрбиеленуші 27% | Орташа деңгейде - 84 тәрбиеленуші 35% | Орташа деңгейде – 51 тәрбиеленуші 22% |
| 3 | Төменгі деңгейде - 69 тәрбиеленуші 43% | Төменгі деңгейде -54 тәрбиеленуші 22% | Төменгі деңгейде -11 тәрбиеленуші 5% |

Күшті жақтары

Білім беру саласын жүзеге асыру айтарлықтай жеткілікті деңгейде. Бұған күндізгі дене шынықтыру режимін сақтау, таңертеңгілік жаттығулар, денені дамыту жаттығулары, қозғалысты дамыту бойынша жоспарлы жеке жұмыстар, күнделікті өмірде денсаулықты сақтайтын технологияларды қолдану ықпал етеді.

Ұсыныстар

Физикалық даму бағыттағы жұмысты жалғастыру, дене шынықтыру ҮІӘ жоспарлау, қозғалыс режимдерін сақтау, шынықтыру шараларын өткізу, салауатты өмір салты туралы білімдерін дамыту бойынша балалармен әңгімелесуді ойын түрінде жоспарлау.

**Коммуникативтік дағдылары бойынша**

| № | бастапқы | аралық | қорытынды |
|---|---|---|---|
| 1 | Жоғарғы деңгейде – | Жоғарғы деңгейде - | Жоғарғы деңгейде - 175 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 38 тәрбиеленуші 23% | 108 тәрбиеленуші 45% | тәрбиеленуші 74% |
| 2 | Орташа деңгейде - 45 тәрбиеленуші 28% | Орташа деңгейде - 80 тәрбиеленуші 33% | Орташа деңгейде - 49 тәрбиеленуші 21% |
| 3 | Төменгі деңгейде – 79 тәрбиеленуші 49% | Төменгі деңгейде -54 тәрбиеленуші 22% | Төменгі деңгейде -11 тәрбиеленуші 5% |

Күшті жақтары

Коммуникативтік -тілдік дағдыларды қалыптастыру міндеттері жоспарлы түрде шешілді. Жауап пен сұрақ алмасу арқылы байланыс орнатады. Бала сөздік қорын пайдаланып, ойын жеткізе алады, қарапайым сұрақтарға жауап береді. Басқа балалармен және ересектермен еркін сөйлеседі, ойын барысында өз пікірін айта алады.

*Әлсіз жақтары*

1**.**Сауат ашу негіздері бойынша дидактикалық материалдарды (сөздерде дыбыстық талдауға арналған карта- схемалар), сөйлеуді дамыту (сюжеттік және тақырыптық суреттер) эстетикалық емес, жаңартуды қажет етеді.

2.Балалардың жеке даму карталарын зерделеу кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға Белгілі бір тақырыптағы сөздерді қолдану қиын болуы, бала ойды толық сөйлеммен жеткізе алмауы, кейбір дыбыстарды дұрыс айтпайды немесе сөздерді түсініксіз қылып айтады.

*Шешу жолдары:*

- Балаларды көркем әдебиетті оқу мәдениетіне баулу, балалардың сөз өнеріне баулу;

- Сөйлеуді дамыту мәселелері бойынша тәрбиеленушілердің ата-аналарымен тәрбие жұмыстарына көп көңіл бөлу қажет.

- Балаларға ертегі, өлеңдер мен әңгімелер оқу арқылы жаңа сөздер үйрету. Баламен әртүрлі тақырыптарда әңгіме құру. Баланы суреттегі заттарды атап, олардың қасиеттерін сипаттауға ынталандыру.

*Жалпы ұсыныстар:*

- Баланың жасына сәйкес сөйлеу деңгейін қадағалау.
- Жағымды эмоциялық орта құру, баланың сөйлеуін қолдау.
- Сабырлы болу, балаға өз ойын айтуға мүмкіндік беру.
- Коммуникативтік қабілетті дамытатын ойындар мен тапсырмаларды күнделікті қолдану.
- Егер қиындықтар ұзақ уақыт шешілмесе, логопед немесе дефектолог маманның көмегіне жүгіну.

**<u>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</u>**

| № | бастапқы | аралық | қорытынды |
|---|---|---|---|
| 1 | Жоғарғы деңгейде – 40 тәрбиеленуші 25% | Жоғарғы деңгейде - 104 тәрбиеленуші 43% | Жоғарғы деңгейде - 175 тәрбиеленуші 74% |
| 2 | Орташа деңгейде - 42 тәрбиеленуші 26% | Орташа деңгейде - 78 тәрбиеленуші 32% | Орташа деңгейде - 50 тәрбиеленуші 21% |
| 3 | Төменгі деңгейде – 80 тәрбиеленуші 49% | Төменгі деңгейде -60 тәрбиеленуші 25% | Төменгі деңгейде -10 тәрбиеленуші 4% |

<u>Күшті жақтары:</u> Бала жаңа нәрселерге қызығады, оларды есте сақтап, түсінуге тырысады. Өз қиялымен ерекше шешімдер табуға ұмтылады, сурет салады, құрастырады.  Жас ерекшелігіне қарай қарапайым себеп-салдар байланыстарын түсіне алады.

<u>Әлсіз жақтары</u>: Кейбір балалар жаңа білім алуға немесе тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытпайды. Қиялды және шығармашылық ойлауды дамыту қажет етеді.

Шешу жолдары: Қысқа және қызықты тапсырмалар беру, мысалы, пазлдар құрастыру, сурет салу. Назар аударуға бағытталған ойындар ойнау. Логикалық ойындар ойнау. Бірге тапсырмалар шешу барысында сұрақтар қою арқылы ойлауға ынталандыру. Зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру.

**Шығармашылық дағдылар бойынша**

| № | бастапқы | аралық | қорытынды |
|---|---|---|---|
| 1 | Жоғарғы деңгейде – 40 тәрбиеленуші 25% | Жоғарғы деңгейде - 108 тәрбиеленуші 45% | Жоғарғы деңгейде - 172 тәрбиеленуші 73% |
| 2 | Орташа деңгейде - 47 тәрбиеленуші 29% | Орташа деңгейде - 78 тәрбиеленуші 32% | Орташа деңгейде - 52 тәрбиеленуші 22% |
| 3 | Төменгі деңгейде – 75 тәрбиеленуші 46% | Төменгі деңгейде -56 тәрбиеленуші 23% | Төменгі деңгейде -11 тәрбиеленуші 5% |

Күшті жақтары.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және "шығармашылық" білім беру саласындағы мәселелерді шешу үшін әр топта қолайлы даму ортасы құрылды.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тек ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде және Көркемөнерпаздар мен музыкалық тәрбие бойынша жеке жұмыс формаларында ғана емес, бұл сурет салу бойынша бағдарламалық материалды жақсы меңгеруге және мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық конкурстарға белсенді қатысуына ықпал етті.

Ұсыныс:

1. Кіші топ тәрбиешілеріне және музыка жетекшілеріне балалардың техникалық дағдылары мен ептіліктерін жеке жұмыс арқылы жетілдіру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

2. Балабақша педагогтары білім беру қызметінде қолдану үшін әртүрлі дәстүрлі емес әдістерді және ақпараттық технологияларды қолдану.

**<u>Әлеуметтік эмоционалдық дағдылар бойынша</u>**

| № | бастапқы | аралық | қорытынды |
|---|---|---|---|
| 1 | Жоғарғы деңгейде – 40 тәрбиеленуші 25% | Жоғарғы деңгейде - 106 тәрбиеленуші 44% | Жоғарғы деңгейде - 173 тәрбиеленуші 74% |
| 2 | Орташа деңгейде - 45 тәрбиеленуші 28% | Орташа деңгейде - 77 тәрбиеленуші 32% | Орташа деңгейде – 47 тәрбиеленуші 20% |
| 3 | Төменгі деңгейде – 77 тәрбиеленуші 48% | Төменгі деңгейде -57 тәрбиеленуші 24% | Төменгі деңгейде -15 тәрбиеленуші 6% |

Тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балалардың бойында потриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, ұйымдастырылған іс-әректі, ойындар, адамгершілік сипаттағы әңгімелер арқылы елімізде көпұлтты халықтарға құрмет сезімдерін қалыптастырады, әр балаға өзін, айналасындағы адамдарды, өз қаласын,өз елін, өз планетасын, яғни әлеуметтік әлемді және ондағы өзін тануға көмектесуіне тырысты.

Балаларда қарапайым экологиялық сананы қалыптастыру, тірі жансыз табиғат объектілеріне дұрыс қатынасты тәрбиелеу мақсатты түрді жүргізді.

<u>Әлсіз жақтар:</u>

Әлеуметтік эмоционалдық дағдылары бойынша ұйымдастырылған іс-әректі, тәрбиелік сипаттағы іс- шараларды өткізу кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға аз көңіл бөлінді.

Шешу жолдары:

Режимдік сәттерде сюжеттік рөлдік ойындарды жиі жоспарлау, оларға жағыдай жасау, сюжеттік дамытуға қажетті ойыншықтармен және атрибуттармен рөлдік ойындардың орталығын толықтыру. Тәрбиеленушілермен мінез құлық қауіпсіздігі бойынша жеке жұмыс жүргізу.



**МДҰ бойынша әдіскерінің жинағы**

МДҰ атауы____"ТАМАША бөбекжайы" КМҚК____

Әдіскерінің аты-жөні_Бейсенбаева К.К.

**2023-2024 оқу жылы Қорытынды мониторинг**

| Жас топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді | | | Коммуникативтік | | | Танымдық және зияткерлік | | | Балалардың шығармашылық | | | Әлеуметтік-эмоционалды | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей |
| кіші топ | 78 | 54 | 20 | 4 | 56 | 17 | 5 | 54 | 20 | 4 | 55 | 18 | 5 | 57 | 15 | 6 |
| ортаңғы топ | 89 | 66 | 19 | 4 | 65 | 20 | 4 | 67 | 18 | 4 | 65 | 21 | 3 | 66 | 19 | 4 |
| ересек топ | 68 | 53 | 12 | 3 | 54 | 12 | 2 | 54 | 12 | 2 | 52 | 13 | 3 | 50 | 13 | 5 |
| | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **Барлығы** | **235** | **173** | **51** | **11** | **175** | **49** | **11** | **175** | **50** | **10** | **172** | **52** | **11** | **173** | **47** | **15** |
| **%** | **100** | **74** | **22** | **5** | **74** | **21** | **5** | **74** | **21** | **4** | **73** | **22** | **5** | **74** | **20** | **6** |

Білім беру ұйымының басшысы Көшакова О.К.

Жоғарғы айтылғандарға сүйене отырып:

Әр білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру.

- Білім берусалаларына сәйкес 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың дамуына қойылатын талаптарды ескеру;
- жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың құзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру;
- әр баланың құзыреттілігін дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалармен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының өсу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз ету. Келесі жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау, ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңдіру, мектепке дейінгі жастағы балаларды қазіргі заманғы тәрбиелеу мен білім беруді жан-жақты дамытуға ықпал ете отырып, МДҰ-ның білім беру процесінде «Экологиялық зертхана: Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін арттыру практикалық іс-әрекет» жобасы бойынша жұмысты жалғастыру. Патриоттық және адамгершілік – рухани тәрбиеге ерекше назар аудару керек, ол барлық қызмет түрлерінен өтуі керек.

Жалпы МДҰ-ның қорытынды динамикасы: 95%

**2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларын мониторингтеу диагностиканың бастапқы нәтижелері**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты талаптарын:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;

- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;

-мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін ;

-диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойынжағдаяттарын құру, ойын,әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;

-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері(өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалықдамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін;

15) Дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру)
16) Жүзу (жүзу бассейіні болғанкезде);
17) Сөйлеуді дамыту;

18) Көркем әдебиет;
19) Сауат ашу негіздері;
20) Қазақ тілі(оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
21) Сенсорика;
22) Математика негіздері;
23) Құрастыру;
24) Қоршаған ортамен таныстыру;
25) Сурет салу;
26) Мүсіндеу;
27) Жапсыру;
28) Музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұнынан күтілетін нәтижелер болып табылады.

***Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:***

-балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде бақылау,

-әңгімелесу;

-балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.

Әрбір жас тобында балалардың жеттістіктерін қадағалауға мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру сапаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін қаңтар айында аралық мониторинг жүргізіледі.

Мектепке дейінгі ұйымның бастапқы бақылау бойынша мониторингісіне 11топ 244 тәрбиеленушілері қамтылды.

Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері(күтілетін нәтижелері) және соған сәйкес 3 индикатор берілген.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда бастапқы бақылау нәтижесінде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылатындығы көрсетілген. Балаларда қарапайым экологиялық сананы қалыптастыру, тірі жансыз табиғат объектілеріне дұрыс қатынасты тәрбиелеу мақсатты түрді жүргізді.

Әлсіз жақтар:

Әлеуметтік эмоционалдық дағдылары бойынша ұйымдастырылған іс-әректі, тәрбиелік сипаттағы іс- шараларды өткізу кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға аз көңіл бөлінді.

Шешу жолдары:

Режимдік сәттерде сюжеттік рөлдік ойындарды жиі жоспарлау, оларға жағыдай жасау, сюжеттік дамытуға қажетті ойыншықтармен және атрибуттармен рөлдік ойындардың орталығын толықтыру. Тәрбиеленушілермен мінез құлық қауіпсіздігі бойынша жеке жұмыс жүргізу.

Жоғарғы айтылғандарға сүйене отырып:

Әр білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру.

- Білім берусалаларына сәйкес 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың дамуына қойылатын талаптарды ескеру;
- жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың құзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру;
- әр баланың құзыреттілігін дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалармен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының өсу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз ету. 2024-2025 оқу жылының Бастапқы бақылау мониторингі балалардың жеке даму деңгейін анықтауға және әлсіз тұстарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелері негізінде педагогтар оқу-тәрбиелік жұмысты тиімді жоспарлап, әр баланың жеке мүмкіндіктеріне сүйене отырып, оларды жан-жақты дамытуға жағдай жасай алады. Баланың психологиялық, физикалық және әлеуметтік даму деңгейін анықталды, негізгі білім, дағдылар және құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін бағаланды, топтағы балалардың ортақ және жеке қажеттіліктерін сарапталып,

балалардың әлсіз жақтарын анықтап, оларды түзету жолдарын ұйымдастырып, аралық және қорынытынды бақылауда нәтижесін көрсетуге жоспарлау.

***тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы:***

| № | Оқу жылы | Әдіскердің Мониторинг бақылауының нәтижесі |
|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/1jov01y4dXDJbhgRsZLkBu4iEtsoC3gQ-?usp=drive_link |
| 2 | 2023-2024 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/1PcrEOZbFHTH3t51Jgcfmm_Edr2xnuNGh?usp=drive_link |
| 3 | 2024-2025 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/1RZG-_Tih1gxfYKOkxf1Bh7LtzyHxPdDY?usp=drive_link |

**Бағаланатын кезеңдегі баланың жеке даму карталары :**

Топтар мониторингінің нәтижелері бойынша тәрбиешілер баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын толтырады. Жеке картаны толтыру кезінде педагогтер дамыту немесе түзету шараларын тағайындайды. Жеке картаны топ тәрбиешісі осы жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтармен бірлесіп дербес толтырады (қазақ тілі педагогы, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі).

| № | Оқу жылы | Баланың жеке даму карталары |
|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/1qNLs3uwTaemtQJVFpNp8mnngEkKNEBMn?usp=drive_link |
| 2 | 2023-2024 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/149h8Yl_4a9iRq_mh7BR2Oi93aBfdyz1-?usp=drive_link |
| 3 | 2024-2025 оқу жылы | https://drive.google.com/drive/folders/197V3li4-aQN_KJhVZsPOtNQfnNXXkLzv?usp=drive_link |

Тәрбиеленушілерге қауіпсіз, жайлы ортасын қалыптастыру бағытында дамытушы орталаржабдықталған. Ата-ана мен балабақша арасында да тығыз байланыс орнатылған. Атап айтсақ, «Әкелер мектебі», «Жас аналар», «Экологиялық зертхана», «Әжем және мен» және шаралар өз нәтижесін беруде.

Балабақшамызда тәрбиенің басты мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы тәрбие құндылықтарына негізделген жұмыстар жолға қойылып келеді. «Туған елге тағзым”, “Оқуға құштар мектеп”, “Ата-ана, ұстаз және бала үштігі”, “Қолданбалы экология”, “Қамқоршылық кеңесі”, “Әжелер мектебі”, “Әкелер мектебі” жобалары іске асырылады. Балабақшада «Өзін - өзі басқару» ұйымының жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

## Тәрбиеленушілердің жетістіктері

**Дарындылық -** өмір сүру барысында жүйелі дамитын психика сапасы. Балабақша тәрбиешілері алдында тәрбиеленушілерге білім сапасын көтеріп қана қоймай, жеке жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін пайдалана отырып, қабілетті балалармен жұмыста жоғары көрсеткіштерге жетуге ұмтылу міндеті тұр. Сонымен қатар балаларды жұмыс ұйымдастырудың нәтижелі жолдарын іздестіре отырып, әр тәрбиеші ерекше қабілетті баламен шығармашылық ізденісте жұмыстар жүргізіп ,Бағаланатын кезеңге балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерің нәтижелері мен қорытынды жасады,

| **Оқу жылы** | **Саны** |
|---|---|
| 2022-2023 ж | 27 |
| 2023-2024 ж | 89 |
| 2024-2025 ж | 90 |

**Бағдарламаның миссиясы**

Балабақшаның миссиясы – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, тәрбиеленушілердің жан-жақты физикалық және психикалық дамуын қалыптастыру, зияткер тұлға даярлау.

## Балабақша жұмысының басым бағыттары

**Балабақшаның стратегиялық мақсаты:**
Нәтижелі білім, тәрбие бере отырып, педагог мамандардың кәсіби құзыреттелігін ұйымдастыру. Адамгершілігі мол, шығармашылық қабілеті тұлғаны тәрбиелеу.
**Негізгі стратегиялық міндеттер**:
-
-тәрбиеленушілерді көркемдік, рухани – адамгершілік қасиеттерін ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу;
- Цифрлық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;
- педагогтерге қолдау көрсету, кәсіби өсулеріне жағдай жасау, ынталандыру жұмыстарын жүргізу;
- педагогтердің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру;
- балалардың сапалы білім алуына, дарынды балаларды сайыстарға қатысуына ықпал ету;
- балалардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық байқауларға қатыстыру, қосымша білім беруді жүйелі түрде жүргізу;
- үздік тәжірибелерді балабақша оқу үрдісіне енгізу;
- бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту;
- бөбекжай мен ата-ана арасындағы байланысты жетілдіру, ынтымақтастық атмосферасын орнату;
- педагогтердің ақпараттық, цифрлық сауаттылықтарын арттыру.
- педагогтердің авторлық әзірлемелерін жинақталып, әзірлеу;
- тәрбиелеудің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.
- деңгейлік курс бітірген мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау;

**Күтілетін нәтиже:**

Заманауи білім ресурстары мен технологияларды қолдану арқылы оқу мен оқыту сапасы жақсарып, балабақшадағы озық тәжірибелер жинақталып таратылады.
-Біліктілікті арттыру курстары, проблемалық курстар арқылы педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру;
-Педагогтардың балалармен жобалық іс-әрекет дағдыларын меңгеруі және оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруда белсенді пайдалану;
-қалалық және облыстық деңгейде озық педагогикалық тәжірибені жалпылау, авторлық бағдарламалар мен оқу құралдарын енгізу; -Педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі формалары арқылы патриоттық тәрбиені қалыптастыруда педагогтардың балалардың және ата-аналардың құзыреттілік деңгейін арттыруды жалғастыру;

-Бөбекжайда тәрбиеленушілердің жан-жақты физикалық және психикалық дамуы, мемлекеттік білім беру мекемесін сапалы меңгеруі үшін тең бастапқы жағдай жасау. -«Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында адамгершілік-патриоттық бағытта жұмыстар жүргізу.
-Әлеуметтік серіктестікті жалғастыру

**Бағдарламаны іске асыру кезеңдерін болжау**

Жоспар қолда бар жағдайларды талдау және оларды өзгерту перспективалары туралы болжамды ескере отырып, ресурстық қамтамасыз ету негізінде жасалды. Бағдарламаның стратегиялық даму жоспарын талқылаудың және қабылдаудың негізгі кезеңдері мен нысандары.

Балабақшаның стратегиялық даму жоспары үш кезеңде іске асырылатын болады: 2024–2029 жылдар

**І-кезең дайындық**

Балабақшаның мүмкіндіктерін және шығармашылық топтың тапсырмаларды орындауға дайындығын анықтау:
1. Мәселелерді талдау, әлеуметтік тапсырысқа сәйкес технологиялар мен даму механизмін таңдау.
2. Балабақшаны басқару жүйесін құру (Мемлекеттік білім стандартын іске асыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету саласында педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру
3. Дамудың барлық стратегиялық бағыттары бойынша дамуды жоспарлау, бағдарламалау.
4. Балабақшаны дамытуды жүзеге асырудың материалдық-техникалық шарттарының сақталуын қамтамасыз ету; - санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтау; - өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау; материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Әдістемелік материалды, компьютерлік, спорттық, ойын жабдықтарын алуды ұйымдастыру.

**ІІ-кезең практикалық**

1.Білім беруді ұйымдастыруды дамыту, қызмет етуді оңтайландыру. Жоспарлау.
2.Балабақша өмірінің барлық деңгейінде жоспарды жүзеге асыру. Бақшаның өзін-өзі дамыту механизмдерін іске қосу.
3. Оқу үрдісі мен кеңістігінің нәтижесін қадағалау, оны дер кезінде реттеу. Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сұранысы мен сапасын бақылау негізінде сапа менеджменті жүйесін құру. Дөңгелек үстел: «Баланың балабақшаға бейімделуі»; «Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу және ақыл-ой белсенділігін арттыру үшін балалармен жұмыс жасауда инновациялық технологияларды қолдану»; «Отбасы мен балабақшадағы баланы дамытудың бірыңғай кеңістігі».
4.Кеңестер: Балаларды шынықтыру және аурудың алдын алу; Мектеп жасына дейінгі балаларға релаксация әдістерін қолдану; Білім беруді дамытуды қамтамасыз ететін жаңа тәсілдер.
5.Келешекте әзірленген жобаларды жүзеге асыру үшін «Дарынды бала» «Ертегілер әлемі», «Ұлттық тәрбие», «Жасыл балабақша», «Үштік одақ. Ата-ана, бала және тәрбиеші» және т.б. шығармашылық шағын топтар құру.

**ІІІ-кезең қорытынды**

Жетістіктерді ішкі және сыртқы сараптау. Білім беру жүйесінің нақты жағдайы туралы дұрыс және тұтас идеяларды қалыптастыру.
Мониторинг.
Барлық деңгейдегі шеберлік сабақтары; Теориялық және практикалық семинарлар; Тиімді қалалық және облыстық семинарлар; Жүргізілген жұмыстарды талдау; Даму жоспарын әзірлеу

Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың кезеңдері: бірінші кезеңінде (2024–2026 жылдар) жекелеген бағыттар бойынша білім беруді дамытудың модельдерін әзірлеу мен оларды сынақтан өткізу мен байланысты жұмыстарды жүргізу көзделген. Екінші кезеңде (2026–2029 жылдар) басымдық өткен кезеңдерде алынған нәтижелерді енгізуге және таратуға бағытталған іс-шараларды іске асыру қарастырылған.

**Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі кәсіби сайыстардыңжеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған педагогтердің жетістіктері 2022 - 2024 жылдар**

| **№** | **Оқу жылы** | Педагогтердің жетістіктері 2022 - 2024 жылдар |
|---|---|---|
| **1** | **2022-2023 оқу жылы** | **https://drive.google.com/drive/folders/1JYQ5TQ1u1RaTYclXl7QCo2c71OM5jwuT?usp=drive_link** |
| **2** | **2023-2024 оқу жылы** | **https://drive.google.com/drive/folders/1_wtuHnf1DKVNsII1gCvgtsr5Q6dhRYa8?usp=drive_link** |
| **3** | **2024-2025 оқу жылы** | **https://drive.google.com/drive/folders/1jm7gk7wnhpzuTbJR5D81Nd5xaMGD91pV?usp=drive_link** |

**3. Тәрбиеленушілер контингенті**

"Тамаша" бөбекжайы КМҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес орналастырылған мемлекеттік білім беру тапсырысымен тәрбиеленушілерді қабылдауды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда тіркелген. № 20883) - " Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына"өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 464 бұйрығы.

Балабақшаның жобалық қуаты-255 бала. Осы кезеңде 2024-2025 оқу жылының 1 қыркүйек айына сәйкес - 246 тәрбиеленуші оқытумен және тәрбиемен қамтылды, оның ішінде Ерекше білімді қажет ететін 4 бала бар. Қабылдау «INDIGO» электрондық балабақша сайтында жыл ішінде бос орындарға сәйкес алынған бағыттар негізінде жүзеге асырылады.

Бөбекжайда 11 жас тобы бар, оның ішінде:

- 9 мемлекеттік тілдегі топтар;
- 2 орыс тіліндегі топ

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы **мәліметтер:**

| **Тәрбиеленушілердің жасы бойынша мәлеметтер** | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Оқу жылы** | **Барлық балалар саны** | **Тәрбиеленушілердің жасы** | | | | **Оның ішінде ЕББҚ бар балалар саны** | **Тәрбиеленушілердің жасы** | | | |
| | | **2 жастағы** | **3 жастағы** | **4 жастағы** | **5 жастағы** | | **2 жастағы** | **3 жастағы** | **4 жастағы** | **5 жастағы** |
| **2022-2023 қыркүйек** | 245 | 79 | 73 | 68 | 25 | 3 | | | 1 | 2 |
| **2023-2024 қыркүйек** | 235 | ***2 жастағы*** | ***Түрлі ортаңғы жастағы топ (3-4 жас)*** | ***Түрлі ересек жастағы топ (4-5 жас)*** | | | ***2 жастағы*** | ***Түрлі ортаңғы жастағы топ (3-4 жас)*** | ***Түрлі ересек жастағы топ (4-5 жас)*** | |
| | | 78 | 89 | 68 | - | 6 | | 2 | 4 | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2024 - 2025 қыркүйек** | 244 | 40 | 84 | 74 | 46 | 4 | | 2 | | 2 |

2022-2023 оқу жылында контингент – 245 бала (ЕББҚ балаларын ескере отырып) Топтардың толықтығы -100% **ЕББҚ бала-3**

2023-2024 оқу жылында контингент – 235 бала (ЕББҚ балаларын ескере отырып). Топтардың толықтығы -100% **ЕББҚ бала-6**

2024-2025 оқу жылында контингент – 244 бала (ЕББҚ балаларын ескере отырып).
Топтардың толықтығы – 100% **ЕББҚ бала-4**

Топтарды толықтыру ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығына 1-қосымша ағымдағы күнтізбелік жылы тәрбиеленушінің толық жасқа толғанын ескере отырып, 10-т., 7-т.

Топтардың толықтығы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы.

**4. Оқу- материалдық активтер.**

**Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:**

**5.1 Ғимарат туралы мәлімет**

КМКҚ «Тамаша» бөбекжайында білім үрдісінің жабдықталуы және материалды техникалық базасының сипаттамасы

Бөбекжай салынған жылы - 1982 ж.

Балабақша ғимараты-екі қабатты, типтік.

Жалпы ауданы - 2225,6 ш. м.Негізгі ауданы- 1629,8ш.м.

Жобалық қуаты - 255 бала.

Жылыту жүйесі, сумен жабдықтау (ыстық, суық су), кәріз – орталықтандырылған.

Бөбекжайда белгі бар мекеменің атауы, бекітілген талаптарға сәйкес.

Жұмыс режимі:

- аптасына 5 күн: дүйсенбі-жұма, 12 сағат (07.00-19.00)

- сенбі-жексенбі: демалыс күндері.

**5.2 Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат**

**Әдістемелік ұсынымдарға 4- қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте** https://drive.google.com/file/d/17hkNEqpcJD-c8TtIlRkeganBn4lZmQ1U/view?usp=drive_link

**Барлығы 11 топ.**

Топтар жиһаздар жиынтығымен, көрнекі құралдармен жабдықталған және даму орталықтары бойынша таратылған:

-оқу орталығы

- экология бұрыш

-дамытушы орта бұрышы

- Ертегілер,театр бұрышы

- конструктивті қызмет орталығы

- тәжірибе бұрышы

- кітапхана бұрышы.

- Біртұтас орталығы

- ✓ **Қазақ тілі кабинеті**

Қазақ тілі кабинеті қажетті көрнекі материалдармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, дидактикалық ойындармен, түрлі ұлттардың киіміндегі қуыршақтармен жабдықталған. Мұғалім аудиоматериалды, дидактикалық және әдістемелік материалдарды жинақтап, жүйеге келтірді. Жұмыс дәптері бар. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен мәдениеті жинақталған киіз үй жабдықталды.

- ✓ **Психолог/логопед кабинеті.**

Психолог кабинетінде түзету-диагностикалық жұмыстарды орындауда қолданылатын көрнекі құралдар, әдістемелік материалдар бар. Мұнда дидактикалық ойыншықтар, конструкторлардың әртүрлі түрлері, кіші және үлкен ойын материалдарының жинақтары, сонымен қатар арнайы жасалған ойындар, түзету әрекеттеріне арналған нұсқаулықтар бар.

- ✓ **Музыка залы.**

Эстетикалық безендірілген музыкалық залда музыка орталығы,телевизор ,ноутбук, пианина,көрнекі құралдар, музыкалық аспаптар жиынтығы бар. Музыкалық залда мерекелер мен ойын-сауыққа арналған костюмдер, атрибуттар мен декорациялар бар киім-кешек бөлмесі бар.

- ✓ **Спорт залы**

Бағдарламалық материалдың орындалуын қамтамасыз ететін құрал-жабдықтармен және спорттық жабдықтармен жабдықталған спорт залы. Музыкалық орталық, 3 доңғалақты велосипедтер, шаналар, доптар, арқандар, құрсаулар, гимнастикалық төсеніштер, орындықтар, футбол доптары, кегльдер, гимнастикалық таяқтар, ленталар, орамалдар, өрмелеу баспалдақтары бар.

✓ **Директордың кабинетінде** іс номенклатурасына сәйкес компьютерлік үстел, басшының креслосы, компьютер, кеңсе жабдықтары, телефон, құжаттарды сақтауға арналған шкафтар бар.

- ✓ **Есепші, экономист кабинетінде** 2 компьютер, кеңсе техникасы бар. Құжаттарды сақтауға арналған шкаф, сейфпен жабдықталған .

✓ **Әдістемелік кабинет** оқу-тәрбие процесінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Кітап шкафтарымен, құжаттарды сақтауға арналған шкафтармен, компьютерлік үстелдермен, орындықтармен жабдықталған. 2 компьютер және кеңсе жабдықтары бар. Кабинеттің негізгі жабдықталуы оқу-әдістемелік әдебиеттер, көрнекі және жүйеленген дидактикалық үлестірме материалдар жиынтығы болып табылады.

✓ **Медициналық блок** (медбике кабинеті дәретхана бөлмесімен жабдықталған, оқшаулағыш бар), толық жабдықталған, мыналарды қамтиды: жиhаз / жұмыс үстелі, орындықтар, диван, экран, дәріхана шкафы, құжаттама және медициналық жабдық шкафы, 1 компьютер, таразы, биіктік өлшегіш және т. б. Балабақшадағы әрбір жас тобы эпидемияға қарсы режимді

сақтауға арналған құрылғылармен және материалдармен – ауаның бактерицидтік сәулелендіргіштерімен, медициналық қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықпен, қол кептіргіштермен, санитайзерлермен жабдықталған.

- ✓ **Ас блогының** құрылғысы мен жабдығы балалар тағамын ұйымдастырудың санитарлық ережелеріне сәйкес келеді. Жұмыс күйінде қажетті технологиялық және тоңазытқыш жабдықтармен жабдықталған. Технологиялық жабдықтар, инвентар, ыдыс-аяқ, тамақ өнімдерімен жанасуға рұқсат етілген материалдардан жасалған. Барлық ас үй жабдықтары мен ыдыстары шикі және дайын тағамдарға арналған. Ас блогы жеткізу және шығару желдету жүйесімен жабдықталған. Ас блогы санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес келеді, жеткілікті жабдықтармен жабдықталған. Санитарлық-гигиеналық құралдар жеткілікті.

Топтардың даму ортасының объектілерін ұйымдастыру және орналастыру балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жиһаздың, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік техникасы мен санитарлық-гигиеналық нормаларға, балалардың физиологиясына сәйкес келеді, бұл тәрбиеленушілердің еркін қозғалуына мүмкіндік береді. Топтық үй-жайлар мен учаскелер мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жабдықталған. Жиһаз бен жабдық балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді, қауіпсіз, денсаулықты сақтайтын, эстетикалық тартымды және дамытатын. Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту – Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту бағдарламасының міндеттерінің бірі. Жас топтарындағы пәндік-кеңістіктік даму ортасының орналасуы мен ұйымдастырылуы ерекше белгілерге ие. Әр жас тобында ойын картотекалары жинақталған, дидактикалық материалдар, кітап бұрыштары, дамытушы орталар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша арнайы бұрыштар әзірленген.

Әр топ қызығушылық орталықтарын бөліп көрсетуге тырысады. Кіші топта танымдық қызығушылықты белсендіретін танымдық ойыншықтар, қимылды ойындарға арналған қажетті құралдар, соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар. Ересек топтарда білім беру ойыншықтары, танымдық қызығушылықты арттыруға арналған табиғи материалдар, математика негіздерін игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, үстел үсті ойындары, балалар кітаптары, альбомдар, суреттер мен карталар және т.б. құралдармен жабдықталған.

Жатын бөлмелер стационарлық кереуеттермен жабдықталған, бір топта балалар саны бойынша қабықшалар бар. Төсек жабдықтары жеткілікті мөлшерде бар-3 ауыстырылатын жиынтық.

Қабылдау бөлмелерінде СанПИН талаптарына сәйкес балаларды шешіндіруге арналған шкафтар бар.

*Тәрбие және білім беру міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін:*

жаңа оқу жылына қарсы топтарды пәндік- дамытушылық орталарын санитарлық талаптарға сай безендірген. Барлық топ бөлмелері таза, санитарлық нормаларға сәйкес,жиһаздары педагогикалық талаптарға сай, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жабдықталған. Балабақша әр топта балаларды дамыту орталықтары балалардың жас ерекшеліктеріне және сұраныстарына сай жинақталған. Орталықтардағы көрнекі құрал- жабдықтар көркем, балалардың қызығушылықтарын арттыруға бейімделген. Жиһаздар, ойыншықтар, оқу, ойын көрнекі – құрал жабдықтары толығымен мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талабына сай, техника қауіпсіздігін сақтау талаптарына, санитарлық- тазалық нормасына, табиғи ерекшеліктеріне, жайлы қызмет көрсету принциптеріне сәйкес жинақталған. Балабақшаның материалдық-техникалық базасы қазіргі тазалық жән педагогикалық талаптарға сәйкес.

Мектепке дейінгі ұйымда 11 топ жұмыс істейді. Барлық топтарда жатын бөлмелері, ойын бөлмелері, қабылдау бөлмелері, жуынатын бөлмелер бар. Барлық топтар балалар санына және өсу көрсеткіштеріне сәйкес жиһазбен жабдықталған.

**Топтық және жас ерекшеліктерін оқшаулау қағидаттарын сақтау:** топтар бір-бірінен және әкімшілік-шаруашылық үй-жайлардан оқшауланған. Балабақша аумағында 11 серуендеу алаңы бар. Ойын алаңдары беседкалармен, құмсалғыштармен, балалардың ойын әрекетін және демалысын ұйымдастыруға арналған шағын формалармен жабдықталған.

Барлық жас топтарында балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуға және учаскелерде спорттық ойындар өткізуге арналған шығарылатын жабдықтар жеткілікті мөлшерде бар. Учаскелерде қоршаған ортаны ұйымдастыру балаларға экологиялық тәрбие мен білім беруді қамтамасыз етеді. Атап айтсақ, «Экологиялық зертхана – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін арттыру, практикалық іс-әрекеті»-не байланысты «Этно ауыл», «Құстар асханасы», «Құм және су орталығы», «Метростанция» жасалған. Мекеме аумағында әртүрлі ағаштар мен бұталар, көгалдар, гүлзарлар бар.

**Білім беру ұйымы бекіткен және білім басқармасы органымен келісілген бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (түгендеу тізімдемесі)**

Нысан бейнебақылау жүйесімен, дауыстық хабарлау жүйесімен, дабыл түймесімен, бейнебақылау жүйесімен Жезқазған қаласы бойынша Орталық жедел басқармаға бейнебақылау берілуімен жабдықталған.

Бөбекжай өрт қауіпсіздігі жүйесімен, полицияны шұғыл шақыру түймесімен, дауысзорайтқышпен жабдықталған.

Күзет 29.01.2024 жылғы № 240020/00 шарт ""Охранное агентство NAIZA" ЖШС-мен жасалды.

- Бейнебақылау камералары барлығы : 49 дана.
- Оның ішінде 34 Ішкі камера және 15 сыртқы камера бар.

- 8 камера орталықтандырылған басқару қызметіне шығарылды, оның ішінде: 5 Ішкі бейнебақылау камерасы және 3 сыртқы бетті тану камерасы.

- Дауыстық ескерту ғимараттың 2 қабатында орналасқан.
- 2 дана дабыл түймесі объектінің басшысында және шаруашылық бөлімінің меңгерушісінде болады.

Орталықтандырылған басқару қызметіне № 240013/00 шарт. 28.01.24 жылы ЖБО-ға шығарылған 8 дана камераларға қызмет көрсетуге "Транстелеком" АҚ-мен жасалды.

Дабыл түймесіне қызмет көрсетуге 25.01.2024 жылғы №240004/00 шарт, саны 1 дана - "Қорғау-К" күзет кәсіпорны " ЖШС-мен жасалды.

06.12.2023 жылғы №230087/00 шарт - "QServiceCom" ЖШС-мен қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесінің жабдықтарын, бетті танумен қол жеткізуді бақылау терминалдарын орнату бойынша қызмет көрсетуге жасалды.

https://drive.google.com/drive/folders/1la0A8BQAi6cMwJYPeZ89qpaUenGFyQ3w?usp=drive_link

Жыл сайын, жылына 4 рет мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі әртүрлі террористік қауіп деңгейлері туындаған кезде тәрбиеленушілер мен қызметкерлерді эвакуациялауға бағытталған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырады.

Сондай-ақ, қызметкерлермен террористік акт жасаудың нақты мүмкіндігі туралы нұсқама жүргізіледі. Әр түрлі жағдайлар қарастырылады, психолог қызметкерлермен эмоционалды тұрақтылық үшін жұмыс жасайды.

2023 жылы балабақша шатыры күрделі жөндеуден өтті. Балабақшада барлығы 11 топ бөлмелері бар, әр топта (қабылдау бөлмесі, ойын бөлмесі, жатын бөлмесі, жуынатын бөлме, шағын ас бөлмесі) орналасқан. Барлық топтар балалар санына және өсу көрсеткіштеріне сәйкес жиһазбен жабдықталған.

**Қорытындылар:** Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын талдау пәндік-дамыту ортасын құру және материалдық-техникалық жарақтандыруды толықтыру бөлінетін қаржыландыруға сәйкес жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Материалдық-техникалық базаның жай-күйі педагогикалық талаптарға сәйкес келеді. Жоғары жылдамдықты Интернет, WI-FI, жазылым басылымдары бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай - ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес бөбекжай мен серуендеу алаңдарын (беседкалар, құмсалғыштар, учаскелердегі МАФ, слайдтар) абаттандыру және жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету жоспарлануда (сметалық есеп бар).

Топтардағы пәндік-кеңістіктік даму ортасын жаңғырту үшін жабдықтарды сатып алуға жыл сайынғы қаржыландыру бөлуді жоспарлау.

**Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры**

**https://drive.google.com/file/d/1sG_eU4NsLeeVxGUu3ZNrOBPd8N8Gg8WU/view?usp=drive_link**

**Балабақшадағы ақпараттық ресурстар** компьютерлік техниканың болуымен ұсынылған (9 компьютер, 5 принтер, оның ішінде 2 принтер-сканер-көшірме,Жылжымалы интерактивті тақта) Электрондық поштаның, ұйымның сайтының, Instagram, Facebook парақшасының болуы.

Білім беру процесіне қатысушылардың ақпаратына қол жеткізу мақсатында бірыңғай ақпараттық ортаны тиімді жетілдіру, интернет желісіне 8 компьютер қосылған. Wi-Fi интернет 20 Мгбит/с, Қазақтелеком АҚ телефон нүктесі, жұмыс Еңбек KZ, INDIGO24 KZ электрондық жүйесі, ҚР Мемлекеттік сатып алу, ҚР мүлкінің мемлекеттік тізілімі, Е-ОТЫНИШ KZ, ҚР электрондық статистикалық және салық есептілігі порталдарында жүргізіледі, 1С бағдарламасы орнатылған, Fundo. Интернет-ресурстардағы бөбекжай туралы ақпарат жүйелі түрде жаңартылып отырады.

Балабақша оқу-әдістемелік әдебиеттің қажетті негізгі қорларымен қамтамасыз етілген. Балабақшаның барлық топтарында мектепке дейінгі білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілер бар, барлық жас топтары бойынша оқыту бағдарламалары, ғылыми-әдістемелік және көркем әдебиеттер бар. Педагогтар мен тәрбиеленушілердің қарамағында қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттер бар. Барлық теориялық материалдар жүйеленген және әдістемелік кабинетте орналасқан.

Балалардың білім беру және тәрбие жұмысының тиімділігі үшін әдіскердің кабинетінде қажетті көрнекі және демонстрациялық материалдар бар.

**Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау**

**Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:**

Балалардың даму деңгейіне мониторинг жүргізу кезінде педагогтар МЖМБС талаптарын орындайды; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны; бақылау парағын және баланың жеке даму картасын толтыру тәртібін біледі. Педагогтер баланың дағдылары мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістерін біледі: бақылау, ойын жағдайларын құру, іскерлік ойын, әңгіме, сұрақтар мен жауаптар, өнімді іс-әрекеттердің нәтижелері және т. б. Ақпараттық - коммуникативтік технологияларды сенімді пайдаланады. Мониторинг нәтижелері бойынша топ тәрбиешісі, басқа педагогтермен *(қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыкалық жетекші)* бірлесіп, оқу жылына баланың Жеке даму картасын толтырды. Жеке картада дамыту және/немесе түзету

шаралары жазылады. Түзету шаралары критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен жүргізілуде.

Қорытындыға Үлгілік бағдарламада белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі көрсетілген.